



KAZ MINERALS LIMITED
7TH FLOOR
83 VICTORIA STREET
LONDON SW1H 0HW
Тел.: +44 (0) 20 7901 7800

19 қыркүйек 2023жыл

KAZ MINERALS ТОБЫНЫҢ РЕСМИ ВЕБСАЙТЫ

KAZ Minerals өзінің интернеттегі алаяқтық мақсаттағы жалған веб-сайтын анықтады, ол Топтың корпоративтік веб-сайтының телнұсқасына ұқсайды, бірақ байланыс деректері дұрыс көрсетілмеген.

www.kazminerals.com Топтың ресми корпоративтік жалғыз сайты екенін естеріңізге саламыз.

Қосымша ақпарат алу үшін хабарласуларыңызды өтінеміз:

KAZ Minerals

Мари Эдвардс	Корпоративтік хатшы, Лондон	Тел.: +44 20 7901 7832
Максут Жапабаев	Корпоративтік байланыстар департаменті, Алматы	Тел.: +7 727 244 03 53

ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЫ:

7th Floor, 83 Victoria Street, London SW1H 0HW, United Kingdom (7-қабат, Виктория көш., 83, Лондон SW1H 0HW, Ұлыбритания).

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТУ

KAZ Minerals Limited (бұдан әрі – KAZ Minerals немесе Топ) – Қазақстандағы карьерлік үлгідегі ірі ауқымды, аз шығынды өндірісті дамытуға бағытталған даму әлеуеті жоғары мыс өндіруші компания. Топ Абай облысындағы Ақтоғай және Орлов мыс кеніштерінде, Павлодар облысындағы Бозшакөл мыс кенішінде, Шығыс Қазақстан облысындағы екі жерасты кеніштері мен байыту фабрикаларында және Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде операциялық қызметін жүргізеді. 2022 жылы KAZ Minerals-та мыс өндірісінің жалпы көлемі 380 мың тоннаны құрады, ілеспе өнім ретінде 171 мың унция алтын, 3,8 млн унция күміс және концентраттағы 47 мың тонна мырыш өндірілді.

Топтың негізгі өндірістік кәсіпорындары – Бозшакөл мен Ақтоғай саладағы ең жоғары өндіріс көрсеткіштерінің бірін қамтамасыз етіп, KAZ Minerals компаниясын ресурстық бейінінде әлемдік деңгейдегі ашық үлгідегі мыс кеніштері басым компанияға айналдырды. Сульфидті кенді қайта өңдеу қуатын екі есе арттыру мақсатында Ақтоғайды кеңейту жобасы ресми түрде 2021 жылдың қазан айында іске қосылды, бұл ретте өнімді тапсырыс берушілерге алғашқы жөнелту 2021 жылдың желтоқсанында жүзеге асырылды.

KAZ Minerals компаниясында Қазақстанда және Қырғызстанда 14 000-ға жуық адам жұмыс істейді.